

**Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын және сайлаушылармен кездесу өткізетін үй-жайлардың орнын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы N 48 /04 қаулысы. Қарағанды облысы Балқаш қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 7 желтоқсанда N 8-4-254 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2023 жылғы 20 қазандағы № 51/01 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 20.10.2023 № 51/01 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28 бабының 4, 6 тармақтарына сәйкес, Балқаш қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1. Жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 16.02.2023 № 09/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Қалалық сайлау комиссиясымен бірлесіп Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламент Мәжілісі және мәслихаттары депутаттығына кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін 2 қосымшаға сәйкес орындар анықталсын.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 16.02.2023 № 09/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Балқаш қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 22 ақпандағы N 06/01 "Қазақстан Республикасы Президентінің және Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын және сайлаушылармен кездесу өткізетін үй-жайлардың орнын белгілеу туралы" ( нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміндегі тіркеу нөмірі 8-4-222, 2011 жылғы 3 наурыздағы N 26 (11694) "Балқаш өңірі", N 23 (733) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 16.02.2023 № 09/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Балқаш қаласының әкімі*

*Қ.Тейлянов*

Балқаш қаласы әкімдігінің  
2011 жылғы 1 желтоқсандағы  
N 48/04 қаулысына қосымша 1

### **Балқаш қаласы бойынша Сайлаушылармен кездесуге арналған үй-жайлардың мекен-жайлары**

Ескерту. 1-қосымша жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 16.02.2023 № 09/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Балқаш қаласы әкімдігінің  
2011 жылғы 01 желтоқсандағы  
№48/04  
қаулысының 2 қосымшасы

### **Қазақстан Үгіттік Республикасы Президентінің, Парламент Мәжілісі және мәслихаттары депутаттығына кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 16.02.2023 № 09/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін
1	Балқаш қаласы	Абай және Ағайынды Мусиндер көшелерінің қиылысындағы ақпараттық стенд
2	Балқаш қаласы	З. Сәбитова шағын ауданы №34 үйдің оң жағындағы ақпараттық тақта
3	Балқаш қаласы	Бөкейханов пен Абай көшелерінің қиылысындағы ақпараттық стенд
4	Балқаш қаласы	Русаков көшесі №9 үйдің сол жағындағы ақпараттық тақта
5	Балқаш қаласы	Қоңырат шағынауданы, Русаков көшесі №9 үйдің оң жағындағы ақпараттық тақта
6	Балқаш қаласы	Балқаш-1 станциясының теміржол вокзалдың әкімшілік ғимараттың алдындағы ақпараттық стенд

7	Саяк кенті	"Горняк" клубы ғимаратының алдындағы ақпараттық тақта
8	Гүлшат кенті	Гүлшат кентінің клуб ғимараты алдындағы ақпараттық тақта
9	Гүлшат кенті	Шұбар-Түбек елді мекенінің Центральная көшесіндегі №37 үйдің сол жанындағы ақпараттық стенд

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК